Психологиялық қызметтің жұмыс нәтижелері 2021-2022 оқу жылы «Айгөлек» бөбекжай- бақшасы тәрбиеленушілері

АРТ терапия

“Құм терапиясы “ балалардың жақсы көретін ойыны







Ойын арқылы баланың танымдық деңгейін дамыту.

Ортаңғы топ “Күншуақ”
















«Пішіндерді қи»

әдістемесі






«Пішіндерді қи» әдістемесі









Тренинг сабақ.
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Тақырыбы: «Танысу ойындары»
Тобы: «Жұлдыз»
Қатысқан бала саны: 7
Өткізген күні: 23. 09.21.
Мақсаты: Балаларды бір-бірімен жақын таныстыру. Қарым-қатынасқа өзін еркін сезінуге үйрету. Ішкі эмоциялық тежеуіштерге түрткі салу.Ырықты зейінді дамыту.
Құрал- жабдық: доп, сурет.

Ұйымдастыру кезеңі:
Балалармен сәлемдесу.
Көңіл-күйлерін сұрау.
Балалар дөңгеленіп тұрады.

Ойын ережесі:
- бір-бірін тыңдау,
- уақыт үнемдеу,
- достық қарым-қатынас
- жағымды эмоция тудыру

Ойынның барысы:

1. **Психогимнастикалық жаттығу.**

а) «Кім шапшаң?» Көңілді әуен ойналады. Балалар жүргізушінің жасаған қимылдарын тез әрі дұрыс қайталауға тырысады.

ә) «Кері қимыл» Енді жүргізушінің қимылына кері қимылдар жасалады. Жаттығулар кезінде өзін тежеп еркін ойнамаған балаларға көңіл аударып, оларды мадақтап жаттығуға қатыстыруға тырысамыз.

2. **Ойындар**

а) «Мен кіммін?» Балалар шеңбер бойында отырып өзінің қалаған адамына кезектеп доп тастайды. Допты қағып алып бала өзінің есімін атайды.

ә) «Көршілерім кім?» Екінші айналымда допты қағып алған бала өзінің оң және сол жағындағы балалардың есімін айтады.

б) «Не ұнайды, не ұнамайды?» Жүргізуші қолындағы допты сағат тілі бағытында әрбір балаға тастайды. Допты алған бала өзіне ұнайтын, не ұнамайтынын айтады.

Мысалы: « Ән айтқан ұнайды, төбелескен ұнамайды» т.б.

Қорытынды: Балалар бір-бірлерінің қолдарынан ұстап, бір-бірлеріне жақсы көңілдерін білдіреді. Әрбір бала қысқаша бүгінгі сабақта өзіне ерекше әсер еткен жағдайды айтады.

Балабақша психологы: К.У.Айжарикова

Бекітемін:
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының»
меңгерушісі: Ж.Т.Утепова

Тренинг сабақ:
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Тақырыбы: Көңіл – күй.
Тобы: «Жұлдыз»
Қатысқан бала саны: 7
Өткізген күні: 12. 10.2021ж
Мақсаты: Көңіл- күйлерін көтеруге, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.
Құрал-жабдық: доп, сандықша.
Ұйымдастыру кезеңі:
Балалармен сәлемдесу.
Көңіл- күйлерін сұрау.
Орындыққа қатар отырғызу.
Тренинг ережесі:
- бір-бірін тыңдау
- уақыт үнемдеу
- жағымды эмоция тудыру

Сабақ барысы: Жаттығулар:

1) Күлу

Қатар отырғандар бір-біріне қарап, шын көңілмен жадырап күлу.
Алақанымызды ысқылаймыз (1-2 мин) (Дәмді тамақ ішкенде, өте сәтті күннен кейінгі әдемі көңіл-күйді еске түсіру)

2) Қалықтау

Орындықта отырып, қолды тізеге қойып, көзді жұмып, кеудені жоғары көтеріп дем аламыз, демімізді сәл ғана ұстап, енді кеудені барынша төмен түсіріп

Жағымды көңіл-күй қалыптастырайық

Тренинг мақсаты: Бір-біріне деген достық қарым-қатынас қалыптастыру, сипап сезу қабылдауын дамыту.
Тренинг ережесі:
- белсенділік таныту
- достық қарым-қатынас
- жағымды эмоция тудыру

Барысы: Залда еркін сезіну, айтқан тапсырмаларды орындау керек. Жұптасып тұру. Жұптасып тұрғаннан кейін тапсырма беріледі.

- Бір-біріңнің қолдарыңды қысыңдар
- Иықтарыңды иықтарыңа тигізіңдер
- Бастарыңды бастарыңа тигізіңдер
- Аяқтарыңды аяқтарыңа тигізіңдер
- Қолдарыңды қолдарыңа тигізіңдер
- Арқаларыңда арқаларыңа тигізіңдер
- Бір-біріңізді құшақтаңыз

«Айголек» бобекжай- бақшасы

Анықтама №1

Өткізілген уақыты: 16-қыркүйек
Топ атауы: ортаңғы топ
Қатысқан балалар саны: 7
Тәрбиешілер : Жотаева Н, Бектурлина Д.Қ.
Тақырыбы: «Өзіңді еркелетіп ата»
Мақсаты:Баланың балабақшаға бейімделу кезеңін қолдау.балалардың әсерлі қалпын тұрақтандыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
Қатысқандар (бала саны):
Қорытынды және ұсыныстар:
топтағы балалармен ойын ұйымдастырылды
.(Балалар шеңбер бойымен отырады .Психолог әр балаға доп лақтырады,өзін «мейірімді» атауын сұрайды. Содан соң барлық балалар есімдерін атайды.) Ойын балаларға ұнады,көңіл күйлері көтеріңкі болды. Әр баланың атын қайталап айтып отыруды қажет етеді.Ұялшақ баланы қолынан ұстап,мақтап дауыстап айтуға ынталандыру.

Топ тәрбиешілеріне күнделікті ойналған ойындарды қайталап ойнатуға ұсыныстар берілді. Допты басқа да ойыншықтармен алмастыруға болатынына ұсыныстар айтылды.

Педагог-психолог: Айжарикова К.У

Бір-біріңіздің қолдарыңызға қолдарыңыз тигенде қандай күйде болдыңыздар?
Бір-біріңізді құшақтағанда қандай күйде болдыңыздар?
Бұл тренинг сіздерге не берді?

Бір-бірімізді қолдап, көмек көрсетіп, жағымды көңіл-күй қалыптастырып, достық қарым-қатынаста бола білейік!

Балабақша психологы: К.У.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Х а т т а м а №

Тақырыбы: «Сәулетті» үйдің» құпиясы»
Топ: Ересек топ
Тәрбиеленушілер саны: 8
Зерттеуге қатысқандар саны: 8
Зерттелген күн: **30.11. 21 ж.**
Мақсаты:
1. Көріп, есту арқылы қабылдауын дамыту.
2. тыңдау және бақылау, зейін тұрақтылығын дамыту.
3. математикалық қарапайым ұғымдарды қолдану.
4. ойлау және сөйлеуін, грамматикалық құрлысы мен байланыстырып сөйлеуін дамыту.
5. Қиялды, елестете білуге үйрету.
6. кішкентай маторикаларын дамыту.
7. қоршаған ортаны аялап білуге үйрету

Сабақтың барысы:

- **«Сәнді үй» жаттығу**.
- **Бақаның тапсырмасы** ойыны
- **Ойын «суретті ретімен орналастыр**
- **Түлкі: «Бейне»**
- Тыныңу жаттығуы. **«Демалыста»**

Қорытынды: «Сәнді үй» ертегісіндегі жануарлармен кездесіп оларға көмектесіп олармен бірге қызықты, көңілді ойындар ойнадық.
Жануарларды қатесіз санады **Нұрай, Сұлтан ,Айзере, Жібек** 6 жануар болды.
Балалар сәнді үйді сызықпен жануарларға келтіреді.

Тышқанның үйі қандай? Ол ең кішкентайы, ендеше оның үйі де кішкентай, сызықпен келтіру керек оны **Нұрай** көрсетті.
тақтаға бүр мен жаңғақтың суретін жапсырады. Балалар санайды. Қайсысы көп соны **Данияр**, **Санжар мен Ұлықпан** айтты.

Ойын «Нүктені ретімен қос». Суретті **Нұрайлым**, **Жібек . Айзере ,Арлан**орындады.
Бақа орманда қандай ағаштар көрді? Соны сұрайды. Бұл - шырша ағашы деп **Сұлтан** айтты.

«Суретті ретімен орналастыр» ойынында ,логикалық ойлауын дамытатын тапсырмаларды **Сұлтан ,Айзере, Жібек, Нұрай** қызыға орындады.
Тыныңу жаттығуы. **«Демалыста»** деп аталады. Балалар жақсы көңіл-күйде демалып алақанның жылуын қасындағы балаға жақсы тілекпен сыйлай білді.

Бөбекжай психологы: Айжарикова К.У

деңгейін анықтау мақсатында
балалармен жүргізілген
зерттеу жұмыстарының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 14.09.21 ж.
Барлығы: 3
Қатысқаны: 3
Әдіс: **«Суреттерді есте сақта»**
Мақсаты: бейнені есте сақтау ерекшеліктерін үйрену және оларға диагностика жасау.

Тапсырма: балаға бетіне 5 заттың суреті бейнеленген карточка ұсынылады. Ол бұл заттарды 1 минут ішінде қарап көруі тиіс. Осыдан кейін карточканы алып қойып, баладан өзінің есінде қалған суреттерді атап беру талап етіледі.
Дұрыс аталған бейнелердің санына қарай нәтижелерге баға қойылады.

№	*Балалардың аты жөні*	*Аталған заттың саны*	*Даму деңгейлері*	*%*
1.	Бегім Абдуллаһ Еркінұлы	*0*	*төмен*	*0*
2.	Жұмақұлов Еркебұлан Фархатұлы	*2*	*орташадан/төмен*	*10*
3.	Нұрғалиева Раяна Ринатқызы	*3*	*орташа деңгей*	*15*

Ұсыныс: Ата-аналар балаларының танымдық деңгейін дамытуға жағдай жасап,үйде отбасында сұрақтар қойып көңіл бөлсе; .

Зерттеу нәтижелерінің қорытындысы бойынша танымдық процестері төмен балалардың ата-аналарына консультация беріп, тәрбиешілерге жұмыстануға міндеттелсе.

Психолог балалардың танымдық процестерінің дамуына түзету-дамыту жұмыстарын жүргізсе;

Балабақша психологы: К.У.Айжарикова

деңгейін анықтау мақсатында
балалармен жүргізілген
зерттеу жұмысының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 26.11. 2021 ж.
Топ: «Күншуақ» тобы
Барлығы: 3 тәрбиеленуші
Қатысқаны: 2
Қатыспағаны: 1 (дәлелді) Бегім Абдуллаh
Әдіс «Суретте қандай заттар жасырылған ?» әдістемесі
Мақсаты: Кескіні бойынша бейненің тұтас қабылдауын анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы: Балаға заттардың кескіні бейнеленген сурет ұсынылады.Онда қандай заттардың (барлығы бесеу бейнеленген) жасырынғанын анықтау керек.





№	*Балалардың аты жөні*	*Аталған заттың саны*	*Даму деңгейлері*	%
1	Жұмақұлов Еркебұлан	3 затты анықтап, дұрыс айтты	ортаңғы деңгей	60%
2	Нұрғалиева Раяна	затты анықтап, дұрыс айтты	орташа – жоғары	80%

Қорытынды: Балаларға заттардың кескіні бейнеленген сурет ұсынылды.Онда қандай заттардың (барлығы бесеу бейнеленген) жасырынғанын анықтау керек еді. Балалар суреттегі жасырынған бейнелерді бірден таба білді,шапшандықпен аттарын атап шығып,тұтас қабылдай білді.

Даму деңгейлері:
Жоғары деңгей- бала кескіні бойынша барлық 5 затты анықтап, дұрыс айтады.
Орташа – жоғары деңгей- бала кескіні бойынша 4 затты анықтап, дұрыс айтады.
Ортаңғы деңгей- бала кескіні бойынша 3 затты анықтап, дұрыс айтады.
Төменгі деңгей- бала кескіні бойынша 1 затты анықтап, дұрыс айтады немесе мүлде тапсырманы орындай алмады.

« Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»
«Күншуақ» тобының қабылдау
деңгейін анықтау мақсатында
балалармен жүргізілген
зерттеу жұмыстарының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 27.10.21 ж.
Барлығы: 3 тәрбиеленуші
Қатысқаны: 3
Қатыспағаны: жоқ
Әдіс: **«Мына суретте не жетіспей тұр?»**
Мақсаты: Қабылдау тұтастығын анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы: Балаға кейбір заттың бір бөлігі жетпейтіндей етіп бейнеленген суреттер тобы ұсынылады және жетіспейтін бөлікті мүмкіндігінше тез анықтап, оны атау жөнінде тапсырма беріледі.

Диагностика жүргізуші баланың бүкіл тапсырманы орындауға жұмсаған уақытын белгілейді.

№	*Балалардың аты жөні*	*Аталған заттың саны*	*Даму деңгейлері*	*%*
1	Жұмақұлов Еркебұлан	3 бөлікті тапты	орташа-төменгі 40 сек	40%
2	Нұрғалиева Раяна	3 бөлікті тапты	орташа-төменгі 35 сек	40%
3	Бегім Абдуллаh	1 бөлікті тапты	Төменгі деңгей 45 сек	20 %

Қорытынды:

10 балл – бала 25 секундқа жетпейтін уақыт ішінде суреттердегі жетіспейтін барлық 7 бөлікті атап, тапсырманы дұрыс орындады.
8-9 балл – жетіспейтін бөліктерді табуға 26-30 секунд уақыт жұмсады.
4-5 балл – жетіспейтін бөліктерді іздестіруге 36-40 секунд уақыт жұмсады.
2-3 балл – іздестіру уақыты 41-45 секунд болды.
0-1 балл – бала жетіспейтін бөліктерді табуға 45 секундтан астам уақыт жұмсады.

Даму деңгейі туралы қорытындылар

10 балл – жоғары деңгей;
8-9 балл – орташа –жоғары деңгей;
6-7 балл – ортаңғы деңгей;
4-5 балл – орташа – төменгі деңгей;
0-3 балл – төменгі деңгей.

Қабылдау тұтастығының даму деңгейі - 33,3%

Жоғары көрсеткіш көрсеткен жоқ:орташа-төменгі -2 ,төменгі деңгей- 1.

Ұсыныс: Баланың қабылдау тұтастығын дамытатын диагнотикалар жүргізу:
Жеке түзету-дамыту жұмыстарын өткізу;

Педагог- психолог: К.У.Айжарикова

« Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»
«Жұлдыз» тобының даму
деңгейін анықтау мақсатында
балалармен жүргізілген
зерттеу жұмыстарының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 21.10.21 ж.
Барлығы: 8 тәрбиеленуші
Қатысқаны: 8
Қатыспағаны: жоқ
Әдіс: **«Мына суретте не жетіспей тұр?»**
Мақсаты: Қабылдау тұтастығын анықтау.
Тапсырманың сипаттамасы: Балаға кейбір заттың бір бөлігі жетпейтіндей етіп бейнеленген суреттер тобы ұсынылады және жетіспейтін бөлікті мүмкіндігінше тез анықтап, оны атау жөнінде тапсырма беріледі.

Диагностика жүргізуші баланың бүкіл тапсырманы орындауға жұмсаған уақытын белгілейді.

№	*Балалардың аты жөні*	*Аталған заттың саны*	*Даму деңгейлері*	*%*
1.	Амангелді Сұлтан	7 бөлікті тапты	Жоғары 25 сек	100%
2.	Аманбай Жібек	6 бөлікті тапты	орташа-жоғары 28 сек	85,7%
3.	Алтыбаев Арлан	4 бөлікті тапты	орташа-төменгі 39 сек	42,8%
4.	Егімбай Санжар	6 бөлікті тапты	орташа-жоғары 28 сек	71,4%
5.	Жалғас Ұлықпан	7 бөлікті тапты	жоғары 25 сек	100%
6.	Нағметолла Данияр	5 бөлікті тапты	ортаңғы деңгей 35сек	57,1%
7.	Құспан Айзере	7 бөлікті тапты	Жоғары 25 сек	100%
8.	Құсайын Нұрайым	7 бөлікті тапты	Жоғары 24 сек	100%

Қорытынды:

10 балл – бала 25 секундқа жетпейтін уақыт ішінде суреттердегі жетіспейтін барлық 7 бөлікті атап, тапсырманы дұрыс орындады.
8-9 балл – жетіспейтін бөліктерді табуға 26-30 секунд уақыт жұмсады.
4-5 балл – жетіспейтін бөліктерді іздестіруге 36-40 секунд уақыт жұмсады.
2-3 балл – іздестіру уақыты 41-45 секунд болды.
0-1 балл – бала жетіспейтін бөліктерді табуға 45 секундтан астам уақыт жұмсады.

Даму деңгейі туралы қорытындылар

10 балл – жоғары деңгей;
8-9 балл – орташа –жоғары деңгей;
6-7 балл – ортаңғы деңгей;
4-5 балл – орташа – төменгі деңгей;
0-3 балл – төменгі деңгей.

Қабылдау тұтастығының даму деңгейі - 82.1%

Жоғары көрсеткіш көрсеткендер: Сұлтан,Нұрайым, Айзере, Ұлықпан.

Ұсыныс: Баланың қабылдау тұтастығын дамытатын диагнотикалар жүргізу:
Жеке түзету-дамыту жұмыстарын өткізу;

Педагог- психолог: К.У.Айжарикова

« Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
«Жұлдыз» тобының даму
деңгейін анықтау мақсатында
балалармен жүргізілген
зерттеу жұмыстарының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 06.10..2021 ж.
Барлығы: 8 тәрбиеленуші
Қатысқаны: 8
Қатыспағаны: жоқ
Әдіс: **«Бір сөзбен ата»**
Мақсаты: осының арқасында оларды бір топқа біріктіруге болатын заттардың өзара қарапайым байланыстарын анықтау икемділіктерін, сондай-ақ баланың заттардың жинақтаушы атауын меңгеру деңгейін анықтау. Ойлау қабілетін, сондай-ақ баланың заттардың жинақтаушы атауын меңгеру деңгейін анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы: балаға бір топқа жататын 3 сурет ұсынылады. Бала берілген 3 суретті жинақтаушы бір ұғыммен атауы тиіс.

№	*Балалардың аты жөні*	*Аталған заттың саны*	*Даму деңгейлері*	%
1.	Амангелді Сұлтан	**3**	**жоғары деңгей**	100%
2.	Аманбай Жібек	**3**	**жоғары деңгей**	100%
3.	Алтыбаев Арлан	**1**	**төменгі деңгей**	25.%
4	Егімбай Санжар	**3**	**жоғары деңгей**	100%
5.	Жалғас Ұлықпан	**3**	**жоғары деңгей**	100%
6.	Нағметолла Данияр	**2**	**ортаңғы деңгей**	50 %
7.	Құспан Айзере	**3**	**жоғары деңгей**	100%
8.	Құсайын Нұрайым	**3**	**жоғары деңгей**	100%

Ойлау қабілетінің даму деңгейі - 84,3 %

Даму деңгейлері

Жоғары деңгей – бала заттардың қарапайым өзара байланыстарын анықтай алады.

Ортаңғы деңгей – бала оларды бір топқа біріктіре алады, сондай-ақ жинақтаушы ұғымды атап береді.


Төменгі деңгей – бала қарапайым өзара байланыстарды анықтауға қиналады, жинақтаушы атауды пайдаланбайды; тапсырманы тәрбиешінің көмегімен орындайды немесе мүлде орындай алмайды

Педагог- психолог: К.У.Айжарикова

«Жұлдыз» тобының
тәрбиеленушілерінің жүргізілген
түзету- дамыту жұмыстарының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 17.11.2021 ж.
Барлығы: 7 тәрбиеленуші
Қатысқаны: 6
Қатыспағаны: Алтыбаев Арлан (дәлелді)
Әдіс: «Пішіндерді қи» әдістемесі
Мақсаты: Ортаңғы топ балаларының көріп әрекет ету деңгейін анықтау.
Тапсырманың сипаттамасы: балаларға түрлі –түсті қағазға шығарылған әр түрлі пішіндер берілді. Пішіндерді қайшымен қиып алу керектігі айтылды. Сақтық шаралары түсіндіріліп, түсінік жұмыстары жүргізілді.





Қорытынды:
Нұрайым – берілген пішіндердің бәрін жоғары деңгейде қиды.
Жібек, Айзере , Санжар - берілген пішіндерді орташа деңгейде қиды.
Данияр – берілген пішіндерді орташадан төмен деңгейде қиды.
Ұлықпан- берілген пішіндерді қайшыны сол қолымен ұстап, қия алмады.











Ұсыныс: Ортаңғы топ балаларының көріп әрекет ету деңгейін дамытатын диагнотикалар жүргізу:

Жеке түзету-дамыту жұмыстарын өткізу;

Педагог- психолог: К.У.Айжарикова

Хаттама №

Тренинг тақырыбы: « Біз бәріміз доспыз! » атты балаларға арналған психологиялық тренинг.

Өткізілген күні : 10.12.2021ж.
Өткізілген топ : **«Жұлдыз» «Күншуақ»**
Мақсаты : Топта жағымды көңіл- күй қалыптасытру.
Міндеті : Балалар ұжымын топтастыруға өзіндік үлес қосу.
Қажетті материалдар : түрлі -түсті карточкалар,әр түрлі фигуралар салынған парақшалар.
Қатысқан оқушылар саны: 11
1.Кіріспе.
«Шаттық» шеңберіне тұрып қол шапалақтап амандасамыз, «Мен сені көргеніме қуаныштымын » деп көршісіне қарап әрбір бала шеңбер бойынша айтып шығады.

2. «Ормандағы жауын» ойыны.
Балалар біз бәріміз орманда келе жатырмыз деп елестетеміз,күн ашық күн шығып тұр,кенет қара бұлт шықты жұдырығымызды т.үйеміз,ақырындап жел соқты қолымызбен тербелеміз,сосын жаңбыр жауды тырысылдап қолымызбен жерді тырысдатамыз,күн қайта ашылып,күн шықты.

3. «ИӘ,ЖОҚ» ойыны
Менің казір балалар сендерге сөйлемдер айтамын,ИӘ болса қол шапалақтаймыз,ЖОҚ болса аяғымызбен жер соғамыз.Мысалы:Мысық шатырда жүреді,Машина суда жүзеді,Тамақ орындықта піседі,Қасқыр орманда жүреді, т.б.

4.«Фигураларды орнына қой » дамытушы жаттығу.Балалардың алдына біренеше түсті фигуралар таратылады,әр фигураны өз түстері бойынша жылдам әрі дұрыс өз ұяшықтарына орналыстырамыз.

Тренинг соңында балалармен кері байланыс орнатылды.

Педагог – психолог : **К.У.Айжарикова**

« Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»
тәрбиеленушілерінің даму
деңгейін анықтау мақсатында
балалармен жүргізілген
зерттеу жұмысының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 11.11. 2021 ж.
Топ: «Жұлдыз» тобы, «Күншуақ» тобы
Барлығы: 11 тәрбиеленуші
Қатысқаны: 10
Әдіс «Айырмашылықты тап» әдістемесі
Мақсаты: Заттарды өзара салыстыру тәсілдерін меңгеру деңгейін анықтау..

Тапсырманың сипаттамасы: Бала 2 суретке зер сала қарап, олардың өзара айырмашылықтарын (барлығы 4 айырмашылық) атап көрсетуі қажет .
Даму деңгейі
жоғарғы деңгей – барлық 4 айырмашылықты анықтады;
ортаңғы деңгей – барлық 3 айырмашылықты анықтады;
орташа-төменгі деңгей – барлық 2 айырмашылықты анықтады;
төменгі деңгей – 1 айырмашылықты анықтады немесе суреттердің бір-бірінен айырмашылықтары жоқ деді.

№	*Балалардың аты жөні*	*Айырмашылықты анықтады*	*Даму деңгейлері*	*%*
1	Амангелді Сұлтан	4 айырмашылықты айтты	жоғары деңгей	100 %
2	Аманбай Жібек	4 айырмашылықты айтты	жоғары деңгей	100%
3	Егімбай Санжар	4 айырмашылықты айтты	жоғары деңгей	100%
4	Құспан Айзере	4 айырмашылықты айтты	жоғары деңгей	100 %
5	Құсайын Нұрайым	4 айырмашылықты айтты	жоғары деңгей	100%
6	Жалғас Ұлықпан	4 айырмашылықты айтты	жоғары деңгей	100%
7	Алтыбаев Арлан	2 айырмашылықты айтты	орташа – төменгі	40 %
8.	Нағметолла Данияр	4 айырмашылықты айтты	жоғары деңгей	100%
9.	Жұмақұлов Еркебұлан	4 айырмашылықты айтты	төменгі деңгей	100%
10.	Нұрғалиева Раяна	4 айырмашылықты айтты	ортаңғы деңгей	100%

Қорытынды: .Балалар екі суреттегі айырмашылыққа зер сала отырып, айырмашылықтарын атап көрсете білді.

Заттарды өзара салыстыру тәсілдерін меңгерген; Кейбір балалар қиындықпен, психологтың жетелеуімен таба алды.

Ұсыныс:

Балаларға заттардың кескіні бейнеленген суреттер ұсыну;
Баламен қабылдау диагнотикаларын жүргізу:
Жеке түзету-дамыту жұмыстарын өткізу;

Педагог- психолог: **К.У.Айжарикова**

« Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»
тәрбиеленушілерінің ойлау
қабілетін анықтау мақсатында
балалармен жүргізілген
зерттеу жұмысының
қорытындысының

Анықтамасы

Күні: 15.02. 2022 ж.
Топ: «Жұлдыз» тобы
Барлығы: 8 тәрбиеленуші
Қатысқаны: 8
Қатыспағаны: жоқ
Әдіс «Жыл мезгілдері » әдістемесі
Мақсаты: Баланың қоршаған әлем туралы және олардың арасындағы қисынды байланыстар мен қатынастар туралы қарапайым бейнелі түсініктерін бағалау.

Тапсырманың сипаттамасы: Бұл тапсырманы орындауға 2 минут уақыт ішінде бала тиісті жыл мезгілін атап қана қоймай,ол туралы өзінің пікірін дәлелдеуге тиіс болады,яғни өзінің неге олай ойлайтынын түсіндіру,оның ойынша бұл суретте жылдың басқа бір мезгілі емес,нақ осы мезгіл бейнеленгенін білдіретін белгілерді көрсетуі керек.

№	*Балалардың аты жөні*	Нәтижелерді бағалау	*Даму деңгейлері*	*%*
1	Амангелді Сұлтан	8 белгіні көрсетті.	жоғары	100%
2	Аманбай Жібек	5-7 белгіні көрсетті.	орташа-жоғары	80%
3.	Алтыбаев Арлан	3-4 белгіні көрсетті	орташа	50%
4.	Егімбай Санжар	5-7 белгіні көрсетті.	орташа-жоғары	80%
5.	Жалғас Ұлықпан	5-7 белгіні көрсетті.	орташа-жоғары	80%
6.	Нағметолла Данияр	5-7 белгіні көрсетті.	орташа-жоғары	80%
7.	Құспан Айзере	8 белгіні көрсетті.	жоғары	100%
8.	Құсайын Нұрайым	8 белгіні көрсетті.	жоғары	100%

Нәтижелерді бағалау;
10 балл-бала жыл мезгілдерді көрсетілген барлық суреттерді дұрыс атап,оларды байланыстыра білді,нақ осы жылдың осы мезгіл бейнеленгенін білдіретін кемінде 8 белгіні көрсетті.
8-9 балл- бала барлық суреттердегі жыл мезгілдерін дұрыс анықтап,5-7 белгіні көрсетті.
6-7 балл-бала барлық суреттердегі жыл мезгілдерін дұрыс анықтып, 3-4 белгіні көрсетті.
4-5 балл-бала 4 суретті ң 1-2 суретінен ғана жыл мезгілін дұрыс анықтады және өзінің пікірін растайтын 1-2 белгіні ғана көрсетті.
0-3 балл-бала бір-де бір жыл мезгілдерін дұрыс анықтай алмады,бір де-бір дәлел айта алмады.
Даму деңгейі:
10 балл-жоғары
8-9 балл-орташа-жоғары
6-7 балл – орташа
4-5 балл-орташа –төменгі
0-2 балл –төменгі

Ұсыныс:

Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту жұмыстарын жүргізу
Жеке түзету-дамыту жұмыстарын өткізу;

Педагог- психолог: **К.У.Айжарикова**